# Нұрғиса Тілендиев

# Жан сәуле



Нұрғиса Тілендиев

# Жан сәуле



Құс жолы баспасы
Алматы
2010

УДК 78
ББК 85.31
Т 93

*Осы тұңғыш жинағымды әкем Тілендіге,*
*анам Салихаға арнаймын.*

***Автор***

***Кітап Алматы облысының әкімі***
***Серік Әбікенұлы ҮМБЕТОВТІҢ***
***қолдауымен жарық көріп отыр***

Т 93 **ТІЛЕНДИЕВ Н.**
**ЖАН СӘУЛЕ:**
Әндер жинағы. – Алматы: "Құс Жолы"; 2010 – 84 бет.

**ISBN 978-601-7074-26-5**

Бұл кітап Кеңес Одағының Халық әртісі, Қазақстанның Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, "Халық Қаһарманы", "Отырар сазы" ұлт-аспаптар оркестрінің негізін қалаушысы, композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің алғаш шыққан кітаптарының бірі.

Жинаққа композитордың халық арасында кең тараған әндері енген.

**УДК 78**
**ББК 85.31**

**ISBN 978-601-7074-26-5**

**© "Мектеп" баспасы, 1967**
**© "Құс Жолы", 2010**

# Жан сәуле

**Вальс екпінімен** — Сөзі Н. Шәкеновтікі




лем, а - сыл бей - нең көз ал - дым -
да, көр - ген - де,
нұр жү - зің - ді тө - з(е)ал - дым ба?
Ә - ні - ңе
8va
rit.


жа - ным құ - мар,
(8)
қол жет - пес
сен бір шы -
(8)
нар
Қол жет - пес ар - ман
бір кү - нің
шыр - қа - шы


сәу - лем, шыр - қа - шы сәу - лем, ән бо - лып
tr
өт - сін бұл жы - лың,
шыр - қа - шы, сәу - лем, бұл - бұ -
1.
лым.
//қа.
p


//лым.
А
а
а
а
а
а



Қол жет - пес ар - ман бір күн -
нің шыр - қа - шы сәу - лем, шыр - қа - шы
сәу - лем, ән бо - лып өт - сін бұл жы -
лың.
Шыр - қа - шы, сәу - лем,
rit.




Жан сәулем, асыл бейнең көз алдымда,
Көргенде нұр жүзіңді төзе алдым ба?
Әніңе жаным құмар,
Қол жетпес сен бір шынар.
Қол жетпес арман бір күнің,
Шырқашы, сәулем, шырқашы, сәулем,
Ән болып өтсін бұл жылың,
Шырқашы, сәулем, бұлбұлым.

Өзгеге қайтіп сені қия аламын,
Бір өзің жүрегіме ұяладың.
Күн болшы аспаныма,
Нұр толсын жас жаныма.
Бақытым сенсің жалғанда,
Шырқашы, сәулем, шырқашы, сәулем,
Әлемді әнмен таңданта,
Шырқашы, сәулем, жан қалқа.

Қайтейін,бұл жүрегім күйсін-жансын,
Махаббат белгісіндей әнің қалсын.
Әніңе жаным құмар,
Қол жетпес сен бір шынар.
Қол жетпес арман бір күнің,
Шырқашы, сәулем, шырқашы, сәулем,
Ән болып өтсін бұл жылың,
Шырқашы, сәулем, бұлбұлым.

# Далам менің - әнім менің

Сөзі Т. Молдағалиевтікі

**Асықпай**




са - ған ға - на
ө - мір - ден біл - ге - нім - ді, ___
көр - ге - нім - ді.
А - а -
mf
а - - а - - а - - а
ө - мір - ден біл - ге - нім - ді, ___ көр - ге - нім - ді. ___




Кең дала, шіркін дала, гүлдеріңді
Аңсаймын алыс кетсем бір көруді.
Айтсам деп армандаймын саған ғана
Өмірден білгенімді, көргенімді.

Сен маған ән үйреттің, әлдиледің,
Бақытым бойымдағы ән-күй менің.
Ат жалын тартып мініп алыс кеттім,
Кеп-кеше құшағында сәби едім.

Сағынам мен өзіңді, туған далам,
Беретін сыйың тағы бар ма маған.
Өмірде жоғалмайды, жоғарылайды,
Өзіңнен жақсы тәлім алған адам!

# Әке туралы жыр

Сөзі С. Жиенбаевтікі

**Жай, асықпай**




да өс - ті сә - би ба - ла - па -
нның. Өз - ге - ге
жай бі-реу боп кө - рін - сең
де, ө - зі - ме күн-нен ыс - тық а - ла - қа -




Қарсы алып алаулаған дала таңын,
Бауырында өсті сәби балапаның.
Өзге жай біреу боп көрінсең де,
Өзіме күннен ыстық алақаның.

Өмірің бір мен үшін жаралғандай,
Тек менен бар қызығын табар жандай.
Дүниені нұрландырған ақ сәуле де
Өзіңнің жанарыңнан жаралғандай. } 2 рет

Қарайлап шыққан күннің шұғыласына,
Келер деп қашан қозым бір қасыма.
Жол тосып осы кезде отырмысың,
Жүрмісің әлде шығып қыр басына.

Ентелеп құшағыңа асығамын,
Елжіреп бір өзіңе асыламын.
Өмірде теңдесі жоқ, жаным әке,
Өзіңсің асқар тауым, асыл әнім. } 2 рет

# Шахтер әні

**Вальс екпінімен**

Сөзі Ғ. Қайырбековтікі




шы-ға-тын шы-ңы-рау-дан ө-лең-де-тіп.
Нұр сәу-ле жан-жа-ғым, бей(не)ап-пақ ар-ма-ным.
Жө-нел-дім ла-ва-ға, те-рең-ге сам-ға-дым,
Жер-де сен жар-қы-рап, Қар-сы(ал)шы жан-жа-рым.
3
3
3
rit.
1.2.




Жеті қат жер астына жедел жетіп,
Күн санап, от қуалап, терең кетіп.
Шахтермін жарық сәуле, көмір тиеп
Шығатын шыңыраудан өлеңдетіп.

Қайырмасы:
Нұр сәуле жан-жағым,
Бейне аппақ арманым.
Жөнелдім лаваға,
Тереңге самғадым.
Жерде сен жарқырап
Қарсы алшы, жан жарым.

Ащы тер, алып еңбек, қалың қайрат,
Қажымас қарулы қол, қаным ойнап,
Ағылса жер астынан көмір тасқын,
Аламын жер үстінен абырой, бақ.

Қайырмасы.

Жеті қат жер қойнына қолқа салған,
Біздерміз ылғи сәуле, от аңсаған.
Махаббат, бойда қуат, маңдай термен
Бар өмір арналады, Отан, саған.

Қайырмасы.

# Жылқышы қыз

Сөзі А. Байғожаевтікі




кет - тім_ жү - деп.
қай - ран_ жү - рек.
Жі - бек қыз - дың
f
mf
а - жа - ры, құл - пы - ра - ды_ жі - бек - тей.
Қа - ра көз - дің жа - на - ры жүр - гі - зе_ ме_
1.
2.
жү - дет - пей.
//жү - дет -




Сүйген қызым жылқышы, аты Жібек,
Ойлай-ойлай сол қызды кеттім жүдеп.
Көргенінше Жібекті тыным таппай,
Мазасынан айрылды қайран жүрек.

Қайырмасы:
Жібек қыздың ажары
Құлпырады жібектей.
Қара көздің жанары
Жүргізе ме жүдетпей.

Колхозымда қыздар көп қызыл гүлдей,
Мен де жүрмін әдейі көзіме ілмей.
Жібек десе еріксіз елжіреймін,
Сүйе ме ол, сүймей ме, жүрмін білмей.

Қайырмасы.

Жібек қызға айтуға барлық жайды
Жүрек тағы лүпілдеп шыдамайды.
Қоян жүрек, япыр-ай, неткен жан ем,
Босқа өткізем тағы да жылды, айды.

Қайырмасы.

# Шофер әні

Сөзі Т. Молдағалиевтікі




лыс.
Ақ би - дай - ды да - ла - да
қал - дыр - май - - ық
Ұ - лан жаз - ға ал - май - ын
мен дем - а - лыс.
Ұ - лан жаз - ға